«Амина» бөбекжайының кезектен тыс педагогикалық кеңесінің
№ 1 хаттамасы

Қатысушылар: 4 20.02.2026 ж

Күн тәртібінде:

1. «Амина» бөбекжайы өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу бойынша білім беру ұйымдарының бағалау өлшем шарттары мен әдістемелік ұсыныммен таныстыру.
2. «Амина» бөбекжайы мемлекеттік аттестаттауға дайындық бойынша жұмыс жоспарын бекіту.
3. Балабақшада өзін-өзі бағалаудан өткізу комиссиясын құру.

Тындалды:

Бірінші сұрақ бойынша меңгеруші м.а Жұмабай С.С мемлекеттік аттестаттау кестесі мен білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарымен, мемлекеттік аттестаттау туралы ережемен таныстырды. Мемлекеттік аттестаттау мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру жұмысын бағалайды. Мемлекеттік аттестаттау деректерді талдау,зерделеу және салыстыру арқылы жүргізілетінің атап көрсетті.

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы 486 бұйрығына қосымша өзін-өзі бағалауды жүргізуге жауапты космиссия мүшелерін анықтады.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1.Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 ж 5 желтоқсандағы 486 бұйрығымен бекітілген бағалау өлшемшарттарына сәйкес балабақша өзін-өзі бағалау жұмысы жүргізілсін.

2.Өзін-өзі бағалау жүзеге асыруды келесі құрамда комиссия құрылсын:
Комиссия төрайымы: меңгеруші м.а Жұмабай Сапия Сәкенқызы
Комиссия мүшелері: Тәрбиешілер Өмірбекқызы Алтыншаш, Мейремхан Маржангул, Ермурат Сымбат.

Меңгеруші м.а: Жұмабай С.С

Хатшы: Мейремхан М